

КМҚК «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы

Тақырыбы: «Жеңімпаз бүлдіршіндер»

Денешынықтырушы нұсқаушысы: Али Бақытжан

Қызылорда 2023-2024ж

Тақырыбы: «Жеңімпаз бүлдіршіндер»

Мақсаты: Балалардың спорттық сайыс арқылы салауатты өмірге деген қызығушылығын арттыру. Өртүрлі жарыстарды ала отырып, балалардың ептілігін, шапшаңдығын, дене тәрбиесі іс-әрекетіне және спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар, елімізді, жерімізді қорғайтын денсаулығы мықты ұлдарымыз бен қыздарымыз көбейе берсін деген тілекпен бүгінгі спорттық жарысымызды бастаймыз.

Жүргізуші: Көңіл қойып қараңыз,

Жалындап тұр ғой балаңыз.

Жарыссын, қане, барлық топ,

Қол соғып қарсы аламыз.

«Сұңқар» командасы және «Тұлпар» командасы бүлдіршіндерің қарсы алайық.

Жүргізуші:

Өнерге биік өсіңіз,

Думанға қызық келіңіз.

Әділқазы ел сенген,

Өнерге баға беріңіз, –дей отырып осы сайысымызға әділ баға беретін әділқазы алқасымен танысайық.

1.Балабақша меңгерушісі:

2.Балабақша әдіскері:

3.Балабақша медбикесі:

Жарыс ережесі бойынша командаларының сәлемдесуі (Ұрандарын айтады)

Келіңіздер, келіңіздер,

Бақшамыз бүгін көңілді.

Қуаныштың себебін,

Айта алады кім енді, – деп жарыс бөлімдерімен таныстырып өтейін.

Сайысымыз бес бөлімнен тұрады.

1-бөлім: «Кім жылдам?»

2-бөлім: «Кім озар?»

3-бөлім: «Ебін тап»

4-бөлім: «Допты домалатып жет»

5-бөлім: «Арқан тарту»

Жүргізуші:

Жарыс заңы ежелден,

Жеңімпазды анықтау.

Жеңімпаз болу шарты сол,

Еңбектену, жалықпау, -дей отырып, сайысымызды бастаймыз.

1-бөлім: «Кім жылдам?»

Шарты: Екі топ арасындағы мәреге дейін жүгіріп жарысу.



2-бөлім: «Кім озар?»

Шарты: Қойылған кедергілер үстімен жүре отырып, мәреге бірінші жету.



3-бөлім «Ебін

тап»

Шарты: Қойылған кедергілер арасымен ептілік танытып жүріп өту.



4-бөлім: «Допты домалатып жет»

Шарты: Үлкен допты домалатып, кегліді айналып өту



5-бөлім:

«Тартыс»

Шарты: Екі команда арқан тартысады.





Жүргізуші: Өте жақсы, балалар, бүгін барлық командалар өте жақсы өнер көрсетті.

Қазылар орнықтырар әділдікті. Бұл сайыста болады екен кімдер мықты, – дей отырып, ендігі кезекті әділқазылар алқасына береміз.

Жүргізуші:

Біреу озса сайыста,

Біреу артта қалады,

Жеңілгендер ренжемей.

Тараса бізге жарады, – дей отырып, спорттық сайысымызды аяқтаймыз.